

Спорт (фр. desport — бекершілік (leisure)) — белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады.

Спорт сөзінің арғы төркіні Көне Француз тілінен басталады, desport - көңіл ашу дегенді білдіреді екен. Ағылшын тіліне бұл сөз 1300 жылдары еніпті, кейін басқа тілдерге таралып, XIX ғ. соңына таман қазақ тілінде қолданысқа ене бастапты.

Оның басқа мағынасы ұтысу, аулау, ойын, көңіл ашу, шынығу деген мағыналарды береді. Рогеттің анықтамасы бойынша, зат есім күйіндегі спорт сөзі "босау мен көңіл ашу үшін жасалатын әрекет" дегенді білдіреді.

Бүгінгі күнге белгілі үнді өнерінің көп үлгілерінде дәстүрлі ырымдық ритуалдыр көріністері бейнеленген. Осы бейнеленген көріністерді сенімді түрде қазіргі мағынадағы спортқа жатқызуға болмағанымен сол кездің өзінде спортқа жақын әрекеттердің орын алғаны хақында байлам жасауға болады. Франция, Африка, және Аустралияда орналасқан бұл бейнелердің осыдан 30 000 жыл бұрын жасалғанын айта кеткен жөн.

Қытай жерінде біздің дәуірден 4000 жыл бұрын қазіргі спорт мағынасына жақын әрекеттің болғанын айтатын заттар мен құралыстар бар. Гимнастика ежелгі Қытайдағы кең тараған спорт түрі болыпты-мыс. Перғауындар мазарларындағы бейнелер мен заттар бірнеше ғасырлар бұрын да спорттың әр түрі болғандығынан хабардар етеді, оның ішінде жүзу мен балық аулауды айта кетуге болады. Ежелгі Персияда поло және атты рыцарлардың найзамен жарысы негіздері қаланды.

Ежелгі Грекия өзінде алуан түрлі спорт болған. Ең дамыған түрлері — күрес, жүгіру, диск лақтыру және арба жарысы. Осы тізімге қарағанда Ежелгі Грекияда (жалғыз ол жерде ғана емес т.б. жерлерде) әскери мәдениет мен әскери өнер спортқа тікелей қатысты болған. Сол жерде әр төрт жыл сайын Пелопонессе атты ауылда Олимпия деп аталған Олимпиада ойындары өтіп тұрған.

Осы күндері адамзаттың даму деңгейіне сәйкес, әсіресе БАҚ пен жаһандық байланыс жүйелерінің пайда болуымен спортпен шұғылдануға көпшіліктің мүмкіндігі өсуде. Спорт кәсіпқой спортқа айналып одан әрі адамзатты қызықтыруда.

Спорт – дене тәрбиесінің бөлігі, жарыс әрекеттерінің айрықша формасы, спортшыларды жарыстарға қатысуға дайындау.

Спорт — дене мәдениетінің бір бөлігі болып саналады. Спорт материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде қоғамда адамдардың ойындық дене әрекеттері үшін жүйелі, арнайы бағытталған, құрылып және пайдаланылатын ағза құрылысының түрлері қызметінің және психологиялық қарқынды дайындығының, оған жалғасатын

барынша толық қабілеттерін спорттық жарыс жолдарымен алдын-ала анықтайтын, қозғалыс әрекеттерінде көрсететін дене мәдениетінің табиғи бөлігі болып саналады. Яғни, спорт мүддесіне қызмет ететін саланың бірі болып табылады. Ол өзінің қызмет аясында тәрбиелік, дайындық және қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметтің шешімін табады, бірақ, ол адамның барлығының тұрақты және арнайы кәсіби мамандығы бола бермейді (түрлі бағыттағы спорт түрлерінде спортшылар әртүрлі жастарда спортпен айналысуды тоқтатады. Мысалы, бокс, баскетбол секілді, осыған ұқсас белсенділік деңгейі ылғи да жылдамдық пен төзімділіктің жоғары шегінде жүруді талап ететін спорт түрлеріндегі спортшылар. Спорт — өндірістік, яғни, экономикалық қызмет түріне кірмейді. Заттар немесе тұрмыстық қажетті бұйымдар т.б. тауарлар шығармайды, былайша айтқанда, оның өнеркәсіппен тікелей игілік арқылы байланысы жоқ. Бірақ, адамның ағзасын шынықтырып, дені сау адамдарды қоғамға дайындай, сол арқылы экономикаға пайдасын келтіреді және оқу-тәрбие жүйесінің заңдылықтарына бағынышты болады. Балалар спортында аталмыш екі мәселенің белгілері былайша түсіндіріледі: спорт — оқушылардың мемлекеттік жоспар мен бағдарламаға сәйкес, жалпы білім беретін мектептердегі оқу пәні ретінде сабақтан, сыныптан және мектептен тыс уақытта барынша ерікті түрде жүзеге асырылатын жұмыс түрі. Спорт үзіліссіз, қарқынды дайындықсыз нәтиже бермейді.

Жалпы дене шынықтыру дайындығы базасында спорттық мамандық түрінің сипаты анықталып, іске асырылады. Балалар спортында бұл белгі толығымен және үлкен қызығушылықпен, нақтылы, барынша кең және ұзақ мерзімге шешімін табады. Адам спортпен шұғылдануға кіріскенде, барынша толық дене күштерінің мүмкіндіктерін және рухани қабілеттерін тар және қысқа, барынша аз шектелген, алдын-ала анықталған қозғалыс әрекеті шеңберінде көрсетуге дайындалады. Бұл мәселенің сипат белгісі балалар спортына да тән немесе барынша толық қатысты. Бірақ, оның деңгейі олардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты. Олардың өз мүмкіндіктерін барынша толық көрсетуі өз заңдылықтарымен жалғасатын жарыс үлгісі арқылы салыстырмалы түрде көрінеді (ережесі, спорттық жіктелуі, марапатталуы, мадақталуы, көрнекілігі т.б.). Бір сөзбен айтқанда, тек жарыста спорттың мақсат-мұраты, міндеттерінің қызметі шешімін табады. Бұл заңдылық балалар спортында да анықтаушы қағида болып қалады, тек жарыстардың сыртқы бейнесі ғана өзгеріп, ал өздерінің күштерін салыстырмалы түрде сынауға ұмтылу рухы сабақталады. Жоғарыда аталып көрсетілген спорттағы бұл заңдылықтар (белгілер) әрқилы деңгейде спорттық ойындарда, гимнастикада, жеңіл атлетикада, туризмде және т.б. спорт түрлерінде кездесуі мүмкін. Мысалы, бар мамандық түрлері бойынша кейбір ойындарға немесе спорттық гимнастикаға кіріп, оларды өз алдына жеке спорт түріне айналдырады. Солай бола тұрса да, спорттың өзіне тән ойын қасиеттері және белгілері болғандықтан, ойын әдістемесі кең ауқымда қолданылады.

Спортты толығымен сипаттайтын барлық белгілер балалар спортында өз көрінісін табады. Оны баланың оқудан тыс уақыттағы әртүрлі әрекетінде арнайы дайындық және жарыстарға қатысудағы жас ерекшеліктерін есепке алып, алдын-ала қозғалыс әрекеттерін анықтайтын қабілеттерін тиімді етіп көрсету болып табылады. Арнайы дайындыққа рұқсат етілген сәттен, жалпы білім беретін мектепті бітіргенше, балалар спортының ауқымы жас ерекшелігімен анықталады. «Жасөспірімдер спорты» ұғымы барынша тар, ауқымы шектелген мағынада түсіндіріледі. Оның жас ерекшелігі шекарасы іске біреу ғана,

ол жасөспірім-бозбала жасы тобы. Бұл ұғым (термині) спорттағы қыз балаларының да қатысатындығын назарға салады (қыз балалар қатыса бастаған спорт түрлері көп. Мысалы, күрес, бокс, ауыр атлетика).

Мектеп спорты — жас ерекшелігіне қарай балалар спортына ұқсайды. Олардың айырмасы — балалар спортын мектеп және мектептен тыс мекемелер ұйымдастырса, ал мектеп спортын тек мектеп ұжымы ғана ұйымдастырып, өздеріне тән және сәйкес іс-шараларын өздері өткізеді. Дене мәдениетіндегі сияқты, спорттық қызмет ауқымы жағынан дене тәрбиесі болып табылады. Спорттағы дене тәрбиесінің сипат ерекшелігі денені жай-жақты жетілдірудің педагогикалық жүйесін мамандандырып, спорттық дайындық негіздері деп аталуынан тұрады. Спорт — дене мәдениетіне кіреді және барлық қоғам мәдениетінің игілігі болып саналады, ал спорттық дайындық дене тәрбиесінің арнайы бір бөлігі және өсіп келе жатқан ұрпақтың жан-жақты тәрбие жүйесінің мүддесіне қызмет етеді.

Спорт өзінің педагогикалық жағымен, спорттық дайындығымен дене тәрбиесінің бір бөлігін құрайды, сондықтан, білім беру мен тәрбиенің барлық жүйесінің жиынтықтарына жауап береді. «Спорт -дене мәдениетінің бір бөлігі және материалдық, рухани байлықтың қосындысы болып табылады. Ол арнайы дене даярлығымен айналысып, арнайы морфофункционалдық және психикалық дене даярлығының арқасында жарыстарда үлкен көрсеткіштерге жету, арнайы жаттығулар арқылы қол жеткізетін дене мәдениетінің бір бөлігін айтады». Спорт дегеніміз қоғам қызықшылықтарына қызмет ететін тәрбиелік, даярлық функцияларды дайындайды. Спорт ештеңе шығармайды, оның мемлекетке айтарлық экономикалық пайдасы жоқ, бірақ ол мемлекетке орасан зор пайда келтіреді. Әбден шыныққан, арнайы дайындықсыз спорт болмайды. Адам спортта барлық мүмкіндіктерін көрсете алады, көрсету де керек және бұл жарыстарда көп байқалады. Әлгі айтылған қағидалардың барлығы балалар спортында да бар. Балалар спорты — сабақтан тыс арнайы дайындық пен жарысқа қатысуларын, оның жас ерекшеліктеріне қарап, дене қимылдарын арнайы жетілдіру. Жастар спорты тек жас ерекшеліктеріне қарай бір-ақ жас санат-дәрежелерімен шектеледі. Мектеп спорты ол балалар спортымен бірдей. Жарыстар тек таза мектептік жарыстар болу керек, оған арнайы спорттық мектептерде айналысатын балалар қатыспайды. Дене тәрбиесі — дене қимылының жетілдіруінің педагогикалық жүйесі болып табылады.

Дене тәрбиесінің жүйесі өзінің одан әрі жетілдіруіне бай мүмкіндіктері бар. Сондықтан, дене тәрбиесінің жалпы жүйесі деп халықтың барлық әлеуметтік топтарының жан-жақты дене қимылының жетілдіруіне бағытталған әлеуметтік ұйымды атайды. Бұл дене тәрбиесінің жалпы жүйесі өзара байланысқан жеке дене тәрбиесі жүйесінен құралған. Ол халықтың барлық әлеуметтік топтарынан құралған, сол топтардың ерекшеліктерін атап көрсетеді (балалар дене тәрбиесінің жүйесі; оқушылар дене тәрбиесінің жүйесі т.б.).

Дене тәрбиесі жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-әдістемелік, бағдарлама-нормативтік, ұйымдастырудан көрінеді.

Әлеуметтік-экономикалық негіз. Дене тәрбиесінің жүйесі қоғамымыздың басқа әлеуметтік-экономикалық жүйелерімен, саясатпен, мәдениетпен, ғылыммен тығыз байланысты. Бұл байланыстардың объективті негізі — дене тәрбиесінің жүйесі қоғамдық өндіріске кіретіндігінде. Жүйе қоғамдық өнім шығармаса да, сол ортаға өндірістік қатынастардың иесі — адам арқылы әсер етеді. Ол адамның әлеуметтік жағын, жағдайын қалыптастырып, қоғамдық қатынастарды жетілдіреді.

Құқықтық негіз. Дене тәрбиесі жүйесінің өз жұмысын (шыттайтын құқықтық күші бар, нормативтік актілерге сүйенеді. Ол туралы ҚР Конституциясының 23-ші бабында көрсетілген. Жалпы дене тәрбиесінің жүйесі қоғамдық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік-биологиялық, теориялық, гигиена, физиология, спорттық медицина т.б. салаларды зерттейді. Осылардың ішінде негізгі орынды дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі пәні орын алады.

Дене тәрбиесінің бірыңғай мемлекеттік бағдарламалары жоғары, арнаулы орта оқу орындарында, орта мектептерде, кәсіптік-техникалық мектептер мен бала-бақшалардағы дене тәрбиесінің міндетті минимумын орындайды. Бұл бағдарламаларда оқу орнына, жынысына, түріне сәйкес дене қимылының дамуы мен біліміне байланысты нормативтік талаптар мен көрсеткіштерін және дене тәрбиесінің негізгі амалдары толықтырылған.

Экономика, саясат, ғылым және мәдениет секілді, дене тәрбиесінің жүйесі қоғамның басқа да әлеуметтік-экономикалық жүйелерімен тығыз байланысқан. Өзі осы жүйелер арқылы дами отырып, сол жүйелердің дамуына көп ықпал етеді. Өзінің іс педагогикалық-тәрбиелік функцияларын іске асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі рухани, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой, саналылық тәрбие міндеттерінің дамуына әсерін тигізеді, басқа тәрбие жүйелерінің ықпалы аз жерлерде өз ықпалын өткізеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық деңгейі жоғары болған сайын, дене мәдениетінің жағдайы жақсарып, сол қоғамдағы адамдардың хал-ахуалдары жақсы болады, неғұрлым ұлттық кіріс жоғары болған сайын, соғұрлым дене мәдениетіне жұмсалған игығындар көп болып, денсаулықты сақтау саласы жақсарады. Оған мысал ретінде қазіргі уақыттағы дамыған елдерді алуға болады. Мәселен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде дене шынықтыру мен спорт саласына жұмсалған шығындардың көлемі көп, олар халықаралық стандарттағы кез келген спорттық ғимараттар мен кешендерін, стадиондар, тректер, хауыздар (бассейндер) және алаңдарды салады. Оған көп көңіл бөлінген, себебі, халықтың санасы салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттігіне берілген.

Дене шынықтыру мұғалімінің алдына қойылған, дене шынықтыру мен спорттың мектеп оқушылары арасында білімдік, сауықтыру, қолданбалы міндеттерін оқып-үйретумен қоса, тұрғылықты халықты да салауатты өмір сүру салтын ұстануға шақыру міндеті немесе өз ұстанымы кірсе дұрыс болады.

Дене шынықтыру, дене тәрбиесі және спорт жоспарлық басқару объектісі ретінде, мәдениеттік-тәрбиелік саласы және нормативтік пен бағдарламалық-әдістемелік, бірыңғай

идеялық-теориялық негізде халықтың дене қимылы жетілдіруінің бірқалыпты орындайтын, арнайы мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың қосындысы болып табылады.

Дене шынықтыру мәдениеті адамзаттың қайсысының болмасын, жұмыс істеу қабілеттілігін әсерлі түрде тиімді, табысты жетілдіруге бағытталған. Осыған байланысты, оның дамуы бүкіл адамзаттың әлеуметтік тұрғыда жағдайы мен тұрмысының жақсаруына, еңбек ету мен тәрбие жұмысына ерекше көңіл бөлуді, оның орындалуына қажетті қайратты жұмсауын талап етеді.

Дене шынықтыру және спорт басқаруының ұйымдастыру құрылымы әлеуметтік құрылым ретінде маңызды ұйымдастыру саласы болып табылады. Ұйымдастыру құрылымы барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың дене тәрбиелік, спорттық, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарымен айналысады. Дене мәдениеті мен спорт мекемелері — мемлекеттік және қоғамдық ұйым, дене шынықтыру мен спорттағы әкімшіліктен тұратын арнайы мамандардан құралған ұйым. Олар дене тәрбиесі, спорт, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын атқарады. Аталған мекемелер спорт және дене шынықтыру комитеттері, спорт мектептері, ерікті спорт қоғамдары, спорттық ғимараттар, спорттық клубтардан жиі т.б. тұрады. Қоғамдық дене шынықтыру ұйымдары ерікті спорт қоғамдарын, спорт түрлерінен федерацияларын, ұлтық Олимпиадалық комитеттерін құрайды. Ерікті спорт қоғамдары дене шынықтыру ұжымдарынан құралады. Әрбір ерікті спорттық қоғамда өздеріне тиесілі салаларда дене шынықтыру мен спорт жұмыстарын жандандырып, карамағындағы жұмыс атқаратын қызметкерлердің, еңбекшілер мен жұмысшылардың денсаулығын барынша түзеуге ат салысады.